ҚҰТТЫҚТАУ

# ЗАҢНЫҢ ЗАҢҒАР АЗАМАТЫ

М.Әуезов атындағы ОҚУ Заң факультетінің деканы Сарықұлов Құрманғали Рахымбердіұлын мерейлі 50 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қ.Сарықұлов – ғұмырын заң саласына арнаған азамат. Өкшелес әріптестеріне үлгі, тәрбиелеген шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп келеді. Ол еңбек жолын 1995 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебінде ғылыми қызметкер лауазымынан бастап, 1997 жылы сол оқу орнында оқытушы болады. 1998-1999 жылдар аралығында ҚР ІІМ Қарағанды заң институтының адъюнктурасында оқып, кандидаттық диссертациясын қорғайды.

2000-2007 жылдар аралығында ҚР Сыбайлас-жемқорлық және экономикалық қылмыстылықпен күрес жөніндегі Агенттіктің Қаржы полциясы Академиясына кафедра бастығы қызметін атқарып, 2007-2008 жылдар аралығында ОҚО бойынша Сыбайлас-жемқорлық және экономикалық қылмыстылықпен күрес жөніндегі Департаментінде басқарма бастығының орынбасары және бөлім бастығы лауазымдарында еңбек етті.

2008 жылдан бүгінге дейін М.Әуезов атындағы ОҚУ-де аға оқытушы, кафедра меңгерушісі,



факультет деканы қызметтерін абыроймен атқарып келеді.

Отбасында 6 перзентін тәрбиелеп, қанаттандырып отырған үлгілі әке – қызметтес-әріптестерінің ортасында да үлкен құрметке ие, сыйлы азамат.

Ердің жасы елу жасқа толған әріптесімізді мерейлі жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Сіз ерге тән адамгершілігіңізбен, адал, сабырлы қасиетіңізбен талай асуды бағындырып, талай жетістіктерге жеттіңіз. Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз.

**Ізгі ниетпен,**
**Шымкент қаласының заң консультанттары палатасы**